

«Қазтелерадио» АҚ сапа саласындағы саясаты

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жыл 11 маусымдағы №777 қаулысына сәйкес, «Қазтелерадио» АҚ – Қазақстан Республикасының ұлттық телерадио хабарларын тарату операторы, оған мемлекет ұлттық телерадио хабарларын тарату желісін ұстау мен дамыту міндеттерін жүктеген.

«Қазтелерадио» АҚ мүддесі Қазақстан Республикасының ақпараттық қоғамын дамытумен түсіндіріледі.

«Қазтелерадио» АҚ мұраты Қазақстан Республикасының халқына ақпараттық ресурстарға теңқұқылы кепілді қолжетімділік ұсынатын жоғары технологиялы оператор болуға деген ұмтылыста жатыр. «Қазтелерадио» АҚ телерадио хабарларын тарату саласының сарапшысы болып табылады.

Басқарма тұлғасындағы «Қазтелерадио» АҚ басшылығы сапа саласындағы осы Саясат сапа саласындағы Мүддені іске асыру, Мұратқа және төмендегідей мақсаттарға қол жеткізу болып табылатындығын мәлімдейді:

1. Заманауи озық технологиялар негізінде ұлттық телерадио хабарларын тарату желісінің инфрақұрылымын дамыту.

2. Сапа менеджменті жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесін үнемі жақсарту арқылы «Қазтелерадио» АҚ қызметінің тиімділігін көтеру және корпоративтік басқаруды жетілдіру.

3. «Қазтелерадио» АҚ ұсынатын қызметтер сапасының халықаралық, ұлттық және корпоративтік стандарттарға, заңнамалық және нормативтік талаптарға, тұтынушылар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

4. Тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптардың қажеттілігін қамтамасыз етіп, үміттерін ақтау мақсатында ұсынылатын қызметтердің сапасын көтеру.

5. «Қазтелерадио» АҚ бет-бейнесін Қазақстан Республикасы телерадио хабарларын таратудың сенімді әрі жоғары технологиялық операторы ретінде қалыптастыру.

Сапа саласындағы алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Басқарма тұлғасындағы «Қазтелерадио» АҚ басшылығы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1. Үдерістік тәсілді қолдану мен ISO 9001 халықаралық стандарты талаптарын орындау негізінде сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігін үнемі жақсартып отыру.

2. Тәуекелге бағдарланған ойлау тұжырымдамасын қолдану.

3. Қызметтерді ұсыну үдерісінде тұтынушылар талаптарының, сондай-ақ, қолданылатын заңдық және нормативтік құқықтық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету.

4. Тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптардың қажеттілігін қамтамасыз етіп, үміттерін ақтау мақсатында ұсынылатын қызметтер сапасын мониторингтеу және бағалауды жүзеге асыру, олардың сапасын көтеру бойынша жұмыстар жүргізу.

5. Цифрлық эфирлік телехабар таратуды енгізу мен дамытуды, жерсеріктік және эфирлік телерадио хабарларын тарату желісін дамыту мен жаңғыртуды, Интернет-хабар тарату қызметін дамытуды қамтамасыз ету.

6. Жыл сайынғы негізде сапа саласының осы Саясатымен келісілген сапа саласындағы әзірлемелер мен мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету.

7. Персонал қызметі тиімділігін бағалауды жүргізу мен біліктілікті және кәсіби деңгейді көтеру арқылы адам ресурстарын басқару жүйесін дамытуды қамтамасыз ету.

Басқарма тұлғасындағы «Қазтелерадио» АҚ басшылығы сапа саласындағы осы Саясаттың іске асырылуы үшін жауапкершілік арқалайды.